

**«Қашықтан ВООМ» жобасы аясында
«Информатика» пәні бойынша
облыстық бейнесабактар байқауының ережесі**

I. Жалпы ережелер

Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) «Қашықтан ВООМ» облыстық жобасы аясында бейнесабактар байқауын (бұдан әрі – байқау) өткізеді.

Байқаудың мақсаты: Педагогтердің кәсіби және пәндік құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту болып табылады.

Міндеттері:

– заманауи кедергісіз білім беру ортасын құру үшін білім беру процесіне білім беру бейнесабактарын жүргізу технологияларын тиімді енгізуді ынталандыратын жағдайлар жасау;

– білім беру процесіне білім беру бейнесабактарын енгізуді кеңінен насихаттау;

– білім беру ұйымдары педагогтерінің зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін өзектендіру;

– педагогтердің білім берудегі инновациялық технологияларды таратуы, жалпылауы және меңгеруі.

Байқаудың объектісі:

– дайын білім беру бейнесабактарының жазбалары;

– сабақтың белгілі бір кезеңін көрсететін бейнесабактардан үзінділер болып табылады.

Байқау тілі: қазақ және орыс тілдерінде.

II. Байқауды өткізу тәртібі мен мерзімі

2.1. Байқауға қатысу үшін Қарағанды облысының орта білім беру ұйымдарының информатика пәні мұғалімдері шақырылады.

2.2. Байқауды ұйымдастыру мен өткізуге басшылықты Ұйымдастырушы осы Ереженің негізінде жүзеге асырады.

2.3. Әділ-қазылар алқасы мүшелерінің құрамын Ұйымдастырушы қарастырады.

2.4. Әділ-қазылар алқасы:

– қатысушыларды байқауға жіберуге;

– орындалған жұмыстарды бағалауға;

– ұпайларды хаттамаға енгізуге;

– жеңімпаздарды анықтауға;

– Байқауды ұйымдастыру-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге жауапты.

2.5. Байқау қашықтан екі кезеңде өткізіледі:

I кезең – аудандық/қалалық деңгей: 2022 жылдың 11-22 сәуір аралығында.

Білім бөлімдері мен мамандандырылған мектеп-интернаттары **2022 жылдың 22 сәуіріне дейін** облыстық кезеңге қатысу үшін 1 бейнесабактан жібереді (аудандық/қалалық кезең жеңімпазының жұмысы). Байқауға қатысушылардың жұмыстары мен өтінімдер **umc-ro@umckrg.gov.kz** электрондық мекен-жайына **«Қашықтан BOOM»** белгісімен қабылданады. Мектептерден тікелей ҚО ББД ОӘО-на жіберілген жұмыстар қабылданбайды.

II кезең – облыстық деңгей: 2022 жылдың 25 сәуірі мен 4 мамыр аралығында.

- **2022 жылдың 25 сәуірінде** байқаудың Ұйымдастырушысы Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ресми Youtube арнасында (<https://www.youtube.com/channel/UC32HIfI3DxYaaP4Dj4mNSkQ>) бейнесабактарды орналастырады;

- **2022 жылдың 25-29 сәуірі аралығында** ғаламтор қолданушылары ұнаған бейнесабакқа дауыс береді;

- **2022 жылдың 3 мамырында** қазылар алқасының отырысы өтеді, ұпайлар қойылып, қорытынды нәтижелер шығарылады;

- **2022 жылдың 4 мамырында** ZOOM конференциясы арқылы жеңімпаздарды марапаттау өтеді. Қосылу сілтемесі білім бөлімдері мен мамандандырылған мектеп-интернаттарына жібереді.

III. Бағалау критерийлері

3.1. Байқау жұмыстарын бағалау өлшемшарттары мен әдістемесін Ұйымдастырушы айқындайды және бекітеді.

3.2. Бағалау критерийлері:

– ереже талаптарына сәйкестік (бейнесабактардың техникалық сипаттамаларына);

– авторлық құқық туралы заңды сақтау (бейнесабакты тікелей автор әзірлеген);

– ұсынылған тақырыпқа сәйкестігі;

– оқу материалының мазмұны (ҚР МЖМББС сәйкестігі, оқу жоспарының талаптарына, дидактикалық талаптарға сәйкестігі, материалдардың қолжетімділігі және оңтайлы көлемі, сонымен қатар арнайы терминология мен бергілерді дұрыс қолдану);

– өзіндік ерекшелігі;

– шығармашылық тұлғаның көрінісі;

– болашақта материалды кеңінен қолдану мүмкіндігі.
– безендіру және түсіру сапасы (визуалды қатардың сапасы (кескіннің айқындылығы, камераның «шайқалмауы», жарықтың біркелкілігі, панорамалық түсіру, кадрда бөтен заттардың болмауы), дыбыс сапасы (дыбыстың айқындылығы, дыбыс көлемінің ауытқуы, шуылдың араласпауы);

– Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ресми Youtube арнасындағы «лүпілдер» мен пікірлер саны.

Әрбір критерий бойынша 0-ден 2 ұпайға дейін беріледі (0 ұпай – бағалау критерийі көрсетілмеген, 1 ұпай – ішінара көрсетілген, 2 ұпай – толық көрсетілген.)

«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ресми Youtube арнасындағы «лүпілдер» мен пікірлер саны» критерийі бойынша ережелер келесідей – «лүпілдер» мен пікірлер саны:

- 500-ге дейін – 0 ұпай;
- 501-ден 1000-ға дейін «лүпілдер» мен пікірлер – 1 ұпай;
- 1001-ден астам «лүпілдер» мен пікірлер – 2 ұпай.

3.3. Бейнесабақтардың техникалық сипаттамалары:

- HD (1280x720) розмірінен бастап Full HD (1920x1080) розміріне дейін;

- *.mp4 форматы;
- бейнесабақтың хронометражы 15 минутқа дейін.

IV. Авторлық құқық

4.1. Байқауға қатысушылардың бейнесабақтарының авторлық құқықтарының сақталуына осы жұмысты байқауға жіберген автор жауапты болады.

4.2. Өз жұмысын байқауға жібере отырып, автор автоматты түрде байқау ұйымдастырушыларына жіберілген материалды пайдалануға (Ғаламтор желісінде орналастыруға) құқық береді.

4.3. Байқауға қатысушылар өздерінің дербес деректерін: тегін, атын, әкесінің атын, байланыс нөмірін, электрондық пошта мекен-жайларын, сайтын «Ғаламтор» желісінде өңдеуге келісімін береді.

V. Байқаудың қорытындыларын шығару

5.1. Байқау жеңімпаздары дипломдармен марапатталады (1, 2, 3 орын).

5.2. Қорытынды шығару қазылар алқасының хаттамасымен ресімделеді.

5.3. Байқаудың барлық қатысушылары сертификаттармен марапатталады.

5.4. Ұйымдастырушылар қосымша номинациялар бойынша марапаттауға құқылы, бұл туралы байқаудың Ұйымдастыру комитеті қатысушыларды хабардар етеді.

5.5. Жеңімпаздарды марапаттау қазылар алқасы мүшелерінің отырысынан бір күн өткен соң өткізіледі.

Келісілді: Е.Р. Аринов 